

**"MDU Baqytty bala" балабақшасы
мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша № 17
білім беру қызметтерін көрсету шарты**

Ақтобе қаласы

«30» 05 2026ж.

Арасындағы өзара қарым-қатынастарды айқындау және реттеу мақсатында "MDU Baqytty bala" ЖШС, бұдан әрі "мектепке дейінгі ұйым" деп аталатын "MDU Baqytty bala" балабақшасы, жарғы негізінде әрекет ететін директор А. К. Қонарбаева, бір тараптан және баланың ата-анасының (заңды өкілдерінің) бірі болып табылатын:

Маңай Айым Тамиқов
(ата-анасының (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бұдан әрі "Ата-ана" деп аталатын,

Өтеулі Жет Естайұлы
(баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН)

екінші жағынан, ал бірге деп аталатындар-Тараптар, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Осы Шарт баланың болу кезеңінде мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың Ата-аналары, өзге де заңды өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттейді

Өтеулі Жет Естайұлы
(баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН)

мектепке дейінгі ұйымда Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқыту үшін өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып жүзеге асырылады

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Мектепке дейінгі ұйым міндеттенеді:

1) Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын және осы Шартты сақтауға міндетті;

2) Ақтобе қаласының білім басқармасы берген жолдама негізінде № 17, бастап "30" 05 2026 г. баланы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен міндетті стандартында белгіленген жас кезеңіне сәйкес топқа қабылдау "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес білім беру;

3) баланы қамтамасыз ету:

- өмірі мен денсаулығын қорғау, дене, зияткерлік және жеке дамуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына" сәйкес оқу-тәрбие процесін жүргізу;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру;

- теңгерімді тамақтандыру.

4) баланың қызметін жеке және жас ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыру;

5) баланың мектепке дейінгі ұйымға баруының бес күндік кестесі сағат **7-45-тен 18-30-ға** дейін, қабылдау уақыты **7.45-тен 8.30 дейін** белгіленсін.

6) бала карантин, ауырған, емделген, сауықтырылған, түзетілген және сауықтырылған жағдайда денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және басқа да ұйымдарда (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынылған кезде) баланың орнын сақтауға; сондай-ақ баланың ата-аналарына немесе өзге

де заңды өкілдеріне жазғы уақытта жалпы ұзақтығы, екі айдан аспайтын, кем дегенде 10 күннен төмен емес еңбек демалысы (бұдан әрі-еңбек демалысы) беруге өтініш берген кезде.

7) баланы тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге міндетті;

8) жыл сайын 1-30 тамыз аралығында баланы келесі жас тобына ауыстыру

9) "мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын (бұдан әрі-Санитариялық қағидалар) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ – 59 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2021 жылғы 13 шілдеде № 23469 тіркелген) сәйкес санитариялық қағидалардың талаптарын сақтауға міндетті).

3. Мектепке дейінгі ұйымның құқығы бар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында көзделген және мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие жоспарларына енгізілген көлемнен тыс балаға қосымша білім беру және сауықтыру қызметтерін ұсынуға.

Оқу-тәрбие жоспарларына енгізілмеген қосымша қызметтер ата-аналардың талауы бойынша жеке шарттың негізінде қосымша ақыға көрсетіледі;

2) баланы күтіп-бағу үшін ай сайынғы ақы төлеудің белгіленген мерзімінен уақтылы төленбеген, бала бір айдан астам дәлелді себептерсіз өткізіп алған, дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның мектепке дейінгі ұйымда болуына кедергі келтіретін медициналық карсы көрсетілімдер болған кезде баланы мектепке дейінгі ұйымнан шығаруға құқығы бар;

3) екі тараптың келісімі бойынша ата-анаға баланы мектепке дейінгі ұйымда асырағаны үшін төлемдердің мерзімін кейінге қалдыруға;

4) баланы алкогольдік мас күйдегі ата-анасына (заңды өкіліне), сондай-ақ кәмелетке толмаған жақын туыстарына бермеуге міндетті;

5) ата-ана өз міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған жағдайда, бұл туралы ата-ананы бұзу күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, осы шартты мерзімінен бұрын бұзуга құқылы;

6) өндірістік қажеттілік жағдайында топтарды біріктіруге;

7) Нарықтағы азық -түлік бағасының тұрақсыздығына байланысты балабақша тарапы ай сайынғы төлемақыны сонымен қатар балабашаның ішінен ұсынылатын қосымша ақылы хореография, бассейн, тұз үңгірі қызметтерінің бағасын жыл сайын немесе жыл ортасында өсіруге құқылы.

8) Dora bala порталы бойынша әр айдың аяғында уақтылы балалардың қатысым табелін ата-ана растау міндетті, баспаған уақытта балабақша әкімшілігі ата-анаға ескертусіз балабақшадан баланы шығаруға құқылы.

4. Ата-ана міндеттенеді:

1) мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын және осы Шартты сақтауға міндетті;

2) ай сайын ағымдағы айдың 10-күніне дейін баланы күтіп-бағу үшін (оның ішінде тамақтану үшін) төлемді алдын ала төлеу тәртібімен уақтылы енгізуге міндетті;

3) баланы топ тәрбиешісінен жеке өзі беруге және алып кетуге құқылы;

4) баланы мектепке дейінгі ұйымнан алкогольдік масаң күйдегі, сондай-ақ кәмелетке толмаған жақын туыстарына алуды тапсырмауға міндетті;

5) баланың алдағы уақытта болмайтыны туралы мектепке дейінгі ұйымға уақтылы: ол ауырған кезде – байланыс арналары арқылы дәрігерге жүтінген күні; басқа да себептер бойынша оқиға басталғанға дейін бір күн бұрын жазбаша өтініш негізінде хабарлауға міндетті;

6) суық тию немесе жұқпалы аурулар белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында олардың таралуын болдырмау үшін мектепке дейінгі ұйымға әкелмеуге міндетті;

7) мектепке дейінгі ұйымға баруға дәлелсіз себептермен рұқсаттамаға жол бермеуге міндетті. Бала ауырған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтаманы, сондай-ақ бала үш және одан да көп күн болмаған кезде Санитариялық қағидалардың 134-тармағына сәйкес денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсыну қажет.

8) дәлелді себептерсіз бала болмаған жағдайда-балабақшаның толық алмаған жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру және осы күндер үшін ата-ананың ақы төлеу сомасы сомасында мектепке дейінгі ұйымның материалдық шығындарын өтеу;

9) мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне құрметпен қарауға міндетті. Баланың мектепке дейінгі ұйымда болу процесінде туындаған жанжалды жағдайларды талдау баланың немесе топтың басқа балаларының қатысуынсыз жүргізіледі;

10) баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйыммен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

5. Ата-ананың құқығы бар:

1) Мектепке дейінгі ұйымның және қосымша қызметтерді ұйымдастырудың қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) баланың екі Тараппен келісілген белгілі бір уақыт ішінде мектепке дейінгі ұйымның жағдайына бейімделуі кезеңінде мектепке дейінгі ұйымда болуға міндетті;

3) екі тараптың келісімі бойынша белгіленген төлем мерзімдеріне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей баланы күтіп-бағу үшін төлемдердің мерзімін кейінге қалдыруға құқылы. Төлемді кейінге қалдыру жазбаша нысанда ресімделеді;

4) мектепке дейінгі ұйым жарғысының және осы Шарт талаптарының орындалуын талап етуге құқылы;

5) осы Шартты бұзудың жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей бұл туралы мектепке дейінгі ұйымды алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

3. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу мөлшері мен тәртібі

6. Айына 27000 (жиырма жеті мың) теңге сомасында ата-ананың ақы төлеуі, баланы асырағаны үшін, оның ішінде күніне 800 (сегіз жүз) теңге мөлшерінде тамақтану үшін ай сайын ағымдағы айдың 10-күніне дейін төленеді.

1) бала дәлелді себептермен болмаған жағдайда (карантин; демалыс (ата-ананың өтініші бойынша, жылына екі айдан аспайтын, сырқаттануы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және ақталуы (көрсетілім бойынша анықтама ұсынылған кезде) төлем жүргізілген ағымдағы айда қайта есептеу келесі айда жүргізіледі (қайта есептеу келесі айда). күніне 800 теңге мөлшерінде тамақтану үшін, қалған қаражат хореография, сауықтыру шаралары бассейні, тұз үнгірі, оттегі кактейлі үшін алынады.

2) баланы күтіп-бағу төлемақысының мерзімі өткен жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін 250 (екі жүз елу) теңге мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

3. Нарықтағы азық -түлік бағасының тұрақсыздығына байланысты балабақша тарапы ай сайынғы төлемақыны өсіруі мүмкіндігін өзіне қалдырады.

4. Тараптардың Жауапкершілігі

7. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады

5. Дауларды шешу тәртібі

8. Осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей шешеді.

9. Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Форс-мажор

10. Су тасқыны, өрт, басқа да дүлей зілзалалар, соғыс немесе әскери іс-қимылдар сияқты форс-мажорлық мән-жайлар кезінде, сондай-ақ Тараптардың бақылауына ақылға қонымды шекте тәуелді емес және шарт жасалғаннан кейін туындаған кез келген басқа да мән-жайлар кезінде тараптардың жауапкершілігі туындамайды.

12. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық мән-жайлар мен олардың салдарларының қолданылу мерзіміне мөлшерлес ауыстырылады.

9. Шарттың қолданылу мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

13. Осы Шарт ол жасалған сәттен бастап күшіне енеді және баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық кезеңі ішінде қолданылады.

14. Шартқа өзгерістер, толықтырулар жазбаша нысанда ресімделеді, осы Шарттың тараптары қол қояды және оған ажырамас қосымшалар болып табылады.

15. Осы Шарт орыс тілінде және қазақ тілінде, бірдей заңды күші бар 2 данада. Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден жасалды.

Тараптардың мекенжайлары мен қолдары:

"MDU Baqytty bala" балабақшасы:

«MDU Baqytty bala» ЖШС

Мекен-жайы: Ақтобе қ., Қарғалы ауданы,

Сатпаев көшесі 92/1

БСН 221140005715

ЖСК KZ65601A1210011892401

БСК HSBKKZKX

В АО «Народный Банк Казахстана»

Тел.: 8761 2443101

Менгерген: А.Б.Өмірәлиева



Ата-ана:

Тегі

Шағай

Аты

Әкесінің аты

Мекен-жайы

3-сұр 10/13

Телефон

8205 479 14 99

Ата-ана

Қолы

* Шарттың мәтіні ҚР БҒМ 28.01.2016 жылғы № 93 бұйрығымен бекітілген үлгілік шарттың мәтіні негізінде жеке мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің ерекшелігін ескере отырып жасалған.